

Банк шоттарының бар-жоғы және олардың нөмірлері туралы, осы шоттардағы ақшаның қалдығы мен қозғалысы туралы, сондай-ақ сыйақыны қоса алғанда, өтеу сомаларын көрсете отырып, активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны ұсыну жөніндегі міндет туындаған, жеке тұлғаға берілген кредиттер туралы мәліметтердің нысандарын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2018 жылғы 2 ақпандағы № 119 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 21 ақпанда № 16408 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2025 жылғы 12 қарашадағы № 698 бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Қаржы министрінің 12.11.2025 № 698 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

РҚАО-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз

Ескерту. Бұйрықтың тақырыбы жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 30.04.2021 № 420 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 24-бабы 13), 13-1), 13-2) және 14) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 50-бабының 6-1-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 30.10.2025 № 648 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 31.12.2025 қоса алғанға дейін қолданыста болады) бұйрығымен.

1. Мыналар:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес банк шоттарының бар-жоғы және олардың нөмірлері туралы, осы шоттардағы ақша қалдығы туралы мәліметтер нысаны;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес банк шоттарындағы ақшаның қозғалысы туралы мәліметтер нысаны;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес сыйақыны қоса алғанда, өтеу сомаларын көрсете отырып, активтері мен міндеттемелері туралы, кірістер мен

мүлік туралы декларацияны тапсыру жөніндегі міндет туындаған, жеке тұлғаға берілген кредиттер туралы мәліметтердің нысаны бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Қаржы министрінің 30.04.2021 № 420 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы министрінің м.а . 30.10.2025 № 648 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 31.12.2025 қоса алғанға дейін қолданыста болады) бұйрығымен.

2. Осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес тізбе бойынша Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті (А.М. Теңгебаев) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электронды түрде қазақ және орыс тілдерінде ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберілуін;

3) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Заң қызметі департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін осы бұйрықтың 1-тармағының 2) және 3) тармақшаларын қоспағанда, оның алғаш рет ресми жарияланған күнінен кейінгі күнтізбелік он күн ішінде қолданысқа енгізіледі, бұл ретте осы бұйрықтың 1-тармағының 3) тармақшасы 2026 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болады.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрі

Б. Сұлтанов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық Банкі Төрағасы

Д. Ақышев _____

2018 жылғы 1 ақпан

Банк шоттарының бар-жоғы және олардың нөмірлері туралы, осы шоттардағы ақшаның қалдығы туралы 20__ жылғы " __ " _____ бастап 20__ жылғы " __ " _____ аралығындағы кезең үшін мәліметтер

Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 30.10.2025 № 648 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 31.12.2025 қоса алғанға дейін қолданыста болады) бұйрығымен.

№	Салық төлеуші		Банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының, банк шоттары ашылған оның құрылымдық бөлімшелерінің деректемелері			Банк шотының түрі	Банк шотының валютасы	Банк шотының нөмірі	Есепті кезеңнің 3 1 желтоқсанындағы жағдай бойынша банк шотындағы ақша қалдығы
	ЖСН/БСН	тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе)/атауы	БСН	БСК	атауы				
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10

_____ (нысанды жасауға жауапты адамның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), қолы) _____

_____ (басшының тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), қолы)

Ескертпе:

аббревиатуралардың ашып жазылуы:

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмері;

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмері;

БСК – банктік сәйкестендіру коды.

"Банк шоттарының бар-жоғы және олардың нөмірлері туралы, осы шоттардағы ақшаның қалдығы туралы мәліметтер" нысанын толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Көрсетілген мәліметтерді ұсыну мерзімі – мемлекеттік кірістер органының сұрау салуын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде.

"Банк шоттарының бар-жоғы
және олардың нөмірлері
туралы, осы шоттардағы
ақшаның қалдығы туралы
мәліметтер" нысанына
қосымша

"Банк шоттарының бар-жоғы және олардың нөмірлері туралы, осы шоттардағы ақшаның қалдығы туралы мәліметтер" нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Банк шоттарының бар-жоғы және олардың нөмірлері туралы, осы шоттардағы ақшаның қалдығы туралы мәліметтерді жинауға арналған нысан (бұдан әрі – Нысан) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінің (Салық кодексі) 24-бабы 13) және 13-1) тармақшаларына және "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 50-бабы 6-1 және 6-2-тармақтарына сәйкес әзірленді.

Нысанды жүргізудің негізгі міндеті банк шоттарының бар-жоғы және олардың нөмірлері туралы, осы шоттардағы ақшаның қалдығы туралы мәліметтерді алу болып табылады.

2. Нысанды банктер, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiнiң филиалы және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар банк шоттарының бар-жоғы және олардың нөмірлері туралы, осы шоттардағы ақша қалдығы туралы мәліметтер бойынша мемлекеттік кірістер органының сұрау салуын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде толтырады және ұсынады.

3. Нысан активтер мен міндеттемелер туралы, кірістер мен мүлік туралы декларацияны ұсыну міндеттемесі туындаған жеке тұлғаға жіберіледі.

2-тарау. "Банктік шоттарының бар-жоғы және олардың нөмірлері туралы, осы шоттардағы ақша қалдықтары туралы мәліметтер" нысанын толтыру бойынша түсіндірме

4. Нысанның 1-бағанында реттік нөмірі көрсетіледі.

5. Нысанның 2-бағанында салық төлеушінің жеке сәйкестендіру нөмері/бизнес-сәйкестендіру нөмері (бұдан әрі - ЖСН/БСН) көрсетіледі.

6. Нысанның 3-бағанында салық төлеушінің тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе)/атауы көрсетіледі.

7. Нысанның 4-бағанында банк шоттары ашылған банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының, олардың құрылымдық бөлімшелерінің бизнес сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

8. Нысанның 5-бағанында банк шоттары ашылған банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының, олардың құрылымдық бөлімшелерінің банктік сәйкестендіру коды (бұдан әрі – БСК) көрсетіледі.

9. Нысанның 6-бағанында кредит берілген банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының, олардың құрылымдық бөлімшелерінің атауы көрсетіледі.

10. Нысанның 7-бағанында банк шотының түрі көрсетіледі.

11. Нысанның 8-бағанында банк шотының валюта түрі көрсетіледі.

12. Нысанның 9-бағанында салық төлеушінің банк шотының нөмірі көрсетіледі.

13. Нысанның 10-бағанында есепті кезеңнің 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша банк шотындағы ақша қалдығы кезең басындағы банк шотындағы ақша қалдығы көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 2 ақпандағы
№ 119 бұйрығына
2-қосымша
нысан

Банк шоттарындағы ақша қозғалысы туралы 20__ жылғы " __ " _____ бастап 20__ жылғы " __ " _____ аралығындағы кезең үшін мәліметтер

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 30.10.2025 № 648 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 31.12.2025 қоса алғанға дейін қолданыста болады) бұйрығымен.

№	Салық төлеуші		Салық төлеушінің банк шоттарындағы ақша қозғалысы							
	ЖСН/ БСН	тегі, аты , әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе)/ атауы	банк шотына ақшаның түсуі							
			күні	төлем сомасы	ақшаны жөнелтуші		жіберуші банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі бөлімшесінің деректемелері			төлемнің мақсаты
					ЖСН/ БСН	атауы	БСН	БСК	атауы	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

кестенің жалғасы

банк шотынан ақшаның аударылуы							
күні	төлем сомасы	бенефициар		банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының деректемелері			төлемнің мақсаты
		ЖСН /БСН	атауы	БСН	БСК	атауы	
12	13	14	15	16	17	18	19

_____ (нысанды жасауға жауапты тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), қолы) _____

_____ (басшының тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), қолы)

Ескертпе:

аббревиатуралардың ашып жазылуы:

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК – банктік сәйкестендіру коды.

"Банк шоттарындағы ақша қозғалысы туралы мәліметтер" нысанын толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Көрсетілген мәліметтерді ұсыну мерзімі – мемлекеттік кірістер органының сұрау салуын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде.

"Банк шоттарындағы ақша
қозғалысы туралы мәліметтер"
нысанына қосымша

"Банк шоттарындағы ақша қозғалысы туралы мәліметтер" нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Банк шоттарындағы ақшаның қозғалысы туралы мәліметті жинауға арналған нысан (бұдан әрі – Нысан) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 24-бабының 13) және 13-2) тармақшаларына және "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 50-бабының 6-1-тармағына сәйкес әзірленді. Нысанды жүргізудің негізгі міндеті банк шоттарындағы ақшаның қозғалысы туралы мәліметтерді алу болып табылады.

2. Нысанды банк шоттарындағы ақшаның қозғалысы туралы мәліметтерге салық органының сұрау сауалын алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде банк,

Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар толтырады және ұсынады.

3. Нысан банктерге, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарына тексерілетін жеке тұлғаға қатысты салықтық тексеру кезінде жіберіледі. Басқа жағдайларда ақшаның қозғалысы туралы мәлімет жалпы сомамен (айналыммен) ұсынылады.

4. Жалпыға бірдей декларациялау шеңберінде Нысан құны республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және есепті салықтық кезеңнің 31 желтоқсанына қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 20 000 еселенген мөлшерінен асатын мүлікті күнтізбелік жыл ішінде сатып алуына байланысты кірістер туралы декларацияны ұсыну міндеті туындаған жеке тұлғаларға қатысты жіберіледі.

2-тарау. "Банк шоттарындағы ақша қозғалысы туралы мәліметтер" нысанын толтыру бойынша түсіндірме

5. Нысанның 1-бағанында реттік нөмірі көрсетіледі.

6. Нысанның 2-бағанында жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі/ бизнес-сәйкестендіру салық төлеушінің нөмірі (бұдан әрі – ЖСН/БСН).

7. Нысанның 3-бағанында жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе)/салық төлеушінің атауы көрсетіледі.

8. Нысанның 4-бағанында банк шотына ақшаның түскен күні көрсетіледі.

9. Нысанның 5-бағанында банк шотына түскен төлемінің сомасы көрсетіледі.

10. Нысанның 6-бағанында ақша жөнелтушінің ЖСН/БСН-і көрсетіледі.

11. Нысанның 7-бағанында ақша жөнелтушінің атауы көрсетіледі.

12. Нысанның 8-бағанында ақша жөнелтуші банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің бөлімшесінің БСН-і көрсетіледі.

13. Нысанның 9-бағанында ақша жөнелтуші банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің бөлімшесінің банктік сәйкестендіру коды (бұдан әрі – БСК) көрсетіледі.

14. Нысанның 10-бағанында ақша жөнелтуші банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің бөлімшесінің атауы көрсетіледі.

15. Нысанның 11-бағанында банк шотына түскен ақша төлемінің мақсаты көрсетіледі.

16. Нысанның 12-бағанында ақша жөнелтуші-салық төлеушінің банк шотынан ақшаның аударылған күні көрсетіледі.

17. Нысанның 13-бағанында ақша жөнелтуші-салық төлеушінің банк шотынан аударылған ақша төлемінің сомасы көрсетіледі.

18. Нысанның 14-бағанында бенефициардың ЖСН/БСН көрсетіледі.

19. Нысанның 15-бағанында бенефициардың атауы көрсетіледі.

20. Нысанның 16-бағанында бенефициар банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің бөлімшесінің БСН көрсетіледі.

21. Нысанның 17-бағанында бенефициар банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің бөлімшесінің БСК көрсетіледі.

22. Нысанның 18-бағанында бенефициар банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкінің бөлімшесінің атауы көрсетіледі.

23. Нысанның 19-бағанында ақша жөнелтушінің банк шотынан аударған төлемнің мақсаты көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 2 ақпандағы
№ 119 бұйрығына
3-қосымша
нысан

20__ жылғы " __ " _____ бастап 20__ жылғы " __ " _____ аралығындағы кезең үшін сыйақыны қоса алғанда, өтеу сомаларын көрсете отырып, активтер мен міндеттемелер туралы, кірістер мен мүлік туралы декларацияны ұсыну жөніндегі міндет туындаған, жеке тұлғаға берілген кредиттер туралы мәліметтер

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қаржы министрінің м.а. 30.10.2025 № 648 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және 31.12.2025 қоса алғанға дейін қолданыста болады) бұйрығымен.

№	Жеке тұлға бойынша мәліметтер		Кредит берілген банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі филиалының, оның құрылымдық бөлімшелерінің деректемелері			Кредит берілген күні
	ЖСН	тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе)	БСН	БИК	атауы	
1	2	3	4	5	6	7

кестенің жалғасы

Кредит беру туралы шарттың нөмірі және күні	Банк шотының нөмірі	Банк шотының валютасы	Берілген кредит сомасы	Шарт бойынша белгіленген лимит сомасы	Кезең басындағы кредит сомасының қалдығы
8	9	10	11	12	13

кестенің жалғасы

--	--	--	--	--	--

Негізгі қарыздың төлеген сомасы	Төленген сыйақы сомасы	Төленген өсімпұл сомасы	Кредит сомасының қалдығы			Кредит түрі
			негізгі қарыз	сыйақы	өсімпұл	
14	15	16	17	18	19	20

_____ (нысанды жасауға жауапты тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), қолы) _____

_____ (басшының тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе), қолы)

Ескертпе:

аббревиатуралардың ашып жазылуы:

ЖСН – жеке сәйкестендіру нөмірі;

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК – банктік сәйкестендіру коды.

"Сыйақыны қоса алғанда, өтеу сомаларын көрсете отырып, активтер мен міндеттемелер туралы кірістер мен мүлік туралы декларацияны ұсыну жөніндегі міндет туындаған, жеке тұлғаға берілген кредиттер туралы мәліметтер" нысанын толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Көрсетілген мәліметтерді ұсыну мерзімі – мемлекеттік кірістер органының сұрау салуын алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде.

"Сыйақыны қоса алғанда, өтеу сомаларын көрсете отырып, активтер мен міндеттемелер, кірістер мен мүлік туралы декларацияны ұсыну жөніндегі міндет туындаған, жеке тұлғаға берілген кредиттер туралы мәліметтер" нысанына қосымша

"Сыйақыны қоса алғанда, өтеу сомаларын көрсете отырып, активтер мен міндеттемелер туралы, кірістер мен мүлік туралы декларацияны ұсыну жөніндегі міндет туындаған, жеке тұлғаға берілген кредиттер туралы мәліметтер" нысанын толтыру бойынша түсіндірме

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Сыйақыны қоса алғанда, өтеу сомаларын көрсете отырып, активтер мен міндеттемелер туралы, кірістер мен мүлік туралы декларацияны ұсыну жөніндегі міндет туындаған жеке тұлғаға берілген кредиттер туралы мәліметтерді жинауға арналған нысан (бұдан әрі – Нысан) "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі)

24-бабының 14) тармақшасына және "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 50-бабы 6-2-тармағына сәйкес әзірленді.

Нысанды жүргізудің негізгі міндеті сыйақыны қоса алғанда, өтеу сомаларын көрсете отырып, активтер мен міндеттемелер туралы декларацияны ұсыну жөніндегі міндет туындаған жеке тұлғаға берілген кредиттер туралы мәліметтерді алу болып табылады.

2. Нысанды сыйақыны қоса алғанда, өтеу сомаларын көрсете отырып, активтер мен міндеттемелер туралы, кірістер мен мүлік туралы декларацияны ұсыну жөніндегі міндет туындаған жеке тұлғаға берілген кредиттер туралы мәліметтерге салық органының сұрау сауалын алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент банкі немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар толтырады және ұсынады.

3. Нысан активтер мен міндеттемелер туралы, кірістер мен мүлік туралы декларацияны ұсыну жөніндегі міндет туындаған жеке тұлғалар бойынша жіберіледі.

2-тарау. "Сыйақыны қоса алғанда, өтеу сомаларын көрсете отырып, активтер мен міндеттемелер, кірістер мен мүлік туралы туралы декларацияны ұсыну жөніндегі міндет туындаған, жеке тұлғаға берілген кредиттер туралы мәліметтер" нысанын толтыру бойынша түсіндірме

4. Нысанның 1-бағанында реттік нөмірі көрсетіледі.

5. Нысанның 2-бағанында жеке тұлғаның жеке сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

6. Нысанның 3-бағанында жеке тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілсе) көрсетіледі.

7. Нысанның 4-бағанында кредит берілген банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының, олардың құрылымдық бөлімшелерінің бизнес-сәйкестендіру нөмірі көрсетіледі.

8. Нысанның 5-бағанында кредит берілген банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының, олардың құрылымдық бөлімшелерінің банктік сәйкестендіру коды көрсетіледі.

9. Нысанның 6-бағанында кредит берілген банктің, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының, олардың құрылымдық бөлімшелерінің атауы көрсетіледі.

10. Нысанның 7-бағанында кредит берілген күні көрсетіледі.

11. Нысанның 8-бағанында кредит беру туралы шарттың нөмірі мен күні көрсетіледі. Мәліметтер шарттар бөлінісінде жеке ұсынылады.

12. Нысанның 9-бағанында жеке тұлғаның банк шотының нөмірі көрсетіледі.
13. Нысанның 10-бағанында жеке тұлғаның банк шоты валютасының түрі көрсетіледі.
14. Нысанның 11-бағанында жеке тұлғаға берілген кредит сомасы көрсетіледі.
15. Нысанның 12-бағанында шарт бойынша белгіленген лимит сомасы көрсетіледі.
16. Нысанның 13-бағанында кезең басындағы кредит сомасының қалдығы көрсетіледі.
17. Нысанның 14-бағанында сұратылған кезең соңында төленген негізгі қарыздың сомасы көрсетіледі.
18. Нысанның 15-бағанында сұратылған кезең соңында төленген сыйақы мөлшері көрсетіледі.
19. Нысанның 16-бағанында сұрау салынған кезең соңында төленген өсімпұл сомасы көрсетіледі.
20. Нысанның 17-бағанында кредиттің негізгі қарыз сомасының қалдығы көрсетіледі.
21. Нысанның 18-бағанында кредиттің сыйақы сомасының қалдығы көрсетіледі.
22. Нысанның 19-бағанында кредиттің өсімпұл сомасының қалдығы көрсетіледі.
23. Нысанның 20-бағанында кредиттің түрі көрсетіледі.

Қазақстан Республикасы
Қаржы министрінің
2018 жылғы 2 ақпандағы
№ 119 бұйрығына
4-қосымша

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің күші жойылған кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Банк шоттарының бар-жоғы және олардың нөмірлері туралы, осы шоттардағы ақшаның қалдығы мен қозғалысы туралы мәліметтер нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 29 желтоқсандағы № 625 бұйрығы (Қазақстан Республикасының Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 5502 болып тіркелген, 2009 жылғы 3 сәуірде "Заң газеті" газетінде № 49 (1646) жарияланған).

2. "Банк шоттарының бар-жоғы және олардың нөмірлері туралы, осы шоттардағы ақшаның қалдығы мен қозғалысы туралы мәліметтер нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 29 желтоқсандағы № 625 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан

Республикасы Қаржы министрінің 2015 жылғы 31 наурыздағы № 242 бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 10997 болып тіркелген, 2015 жылғы 1 маусымда "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

3. "Банк шоттарының бар-жоғы және олардың нөмірлері туралы, осы шоттардағы ақшаның қалдығы мен қозғалысы туралы мәліметтер нысанын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2008 жылғы 29 желтоқсандағы № 625 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің міндетін атқарушы 2016 жылғы 8 шілдегі № 360 бұйрығы (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 14125 болып тіркелген, 2016 жылғы 7 қыркүйекте "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

4. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2017 жылғы 31 наурыздағы № 213 бұйрығымен бекітілген (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 15096 болып тіркелген, 2017 жылғы 13 маусымда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің бұйрықтары тізбесінің 1-тармағы.